

## 2012 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында мерзімді әскери қызметке азаматтарды шақыруды жүргізу туралы

### *Күшін жойған*

Астана қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 26 наурыздағы № 109-315 қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2012 жылғы 3 сәуірде нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 717 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 21 қаңтардағы № 09-76 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 21.01.2014 № 09-76 қаулысымен.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабына, «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 27, 28, 31-баптарына, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 Жарлығына сәйкес Астана қаласының әкімдігі

### **Қ А У Л Ы**

### **Е Т Е Д І :**

1. 2012 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ 18-27 жас аралығындағы азаматтарды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрамаларының қатарына мерзімді әскери қызметке шақыру және жөнелту өткізілсін.

2. Астана қаласы Алматы, Есіл және Сарыарқа аудандары шақыру комиссияларының қызметіне басшылық жасау және бақылау мақсатында қалалық шақыру комиссиясы 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Қалалық шақыру комиссиясының мүшелері түрлі себептермен болмаған жағдайда комиссияның резервтік құрамы 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Астана қаласы Алматы ауданы шақыру комиссиясының жеке құрамы және жұмыс кестесі 3-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Аудандық шақыру комиссиясының мүшелері түрлі себептермен болмаған жағдайда комиссияның резервтік құрамы 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Астана қаласы Есіл ауданы шақыру комиссиясының жеке құрамы және

жұмыс кестесі 5-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Аудандық шақыру комиссиясының мүшелері түрлі себептермен болмаған жағдайда комиссияның резервтік құрамы 6-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

5. Астана қаласы Сарыарқа ауданы шақыру комиссиясының жеке құрамы және жұмыс кестесі 7-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Аудандық шақыру комиссиясының мүшелері түрлі себептермен болмаған жағдайда комиссияның резервтік құрамы 8-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

6. Астана қаласы қалалық шақыру комиссиясының жұмыс кестесі 9-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

7. «Астана қаласының Денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі:

1) медициналық комиссияны қызметкерлермен қамтамасыз етсін;

2) азаматтарды әскери қызметке шақыру кезінде медициналық куәландырудан өткізуді дәрі-дәрмектермен, құрал-сайманмен, медициналық және шаруашылық мүлікпен қамтамасыз етсін;

3) әскерге шақырылуға жататын азаматтардың зертханалық тексеруін Астана қаласы Денсаулық сақтау басқармасының «№ 3 қалалық емханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында жүргізісін;

4) әскерге шақырылуға жататын азаматтардың рентгенологиялық тексеруін жүргізу үшін қалалық жинау пунктін 2012 жылғы 1 сәуір мен 30 маусым және 1 қазан мен 31 желтоқсан аралығында жылжымалы флюора қондырғысымен қамтамасыз етсін.

8. «Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі ақылы қоғамдық жұмыстар ұйымдастырсын және 2012 жылғы 1 сәуір мен 30 маусым және 1 қазан мен 31 желтоқсан аралығында Астана қаласы Алматы, Есіл және Сарыарқа аудандарының Қорғаныс істері жөніндегі басқармаларына жұмыссыз азаматтардың (15 адамнан) келуін қамтамасыз етсін.

9. «Астана қаласының Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құрамалары қатарына шақырылған шақырылушыларды тасымалдау үшін шақыру комиссиясын «Астана қаласының Қорғаныс істері жөніндегі департаменті» мемлекеттік мекемесінің ұсынған өтінімдерге сәйкес көлікпен қамтамасыз етсін.

10. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Астана қаласының Ішкі істер департаменті» мемлекеттік мекемесі 2012 жылғы 1 сәуір мен 30 маусым және 1 қазан мен 31 желтоқсан кезеңінде шақырылудан жалтарған азаматтарды әкелуді қамтамасыз ету үшін 4 полиция қызметкерін, сонымен қатар шақырылушыларды әскери бөлімдерге жөнелту және кетуі кезінде қалалық жиналу пунктінде қоғамдық тәртіптің күзетін бөлсін.

11. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көліктегі ішкі істер департаментінің «Астана» станциясындағы Ішкі істер желілік басқармасы» мемлекеттік мекемесі темір жол станцияларының отырғызу жерлерінде қоғамдық тәртіпті сақталу мақсатында шаралар қабылдасын.

12. «Астана қаласының Туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі қалалық жиналу пунктінде әскерге шақырушылар арасында жаппай спорттық жұмыстар жүргізуді ұйымдастырсын.

13. «Астана қаласының Жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, апаттардың және дүлей апаттардың алдын алуын және жоюын ұйымдастыру жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы мақсаттар үшін Астана қаласының бюджетінде бөлінген қаражат шегінде жалпыға бірдей әскери міндетті орындауды қамтамасыз етуге байланысты іс-шараларды қаржыландыруды жүргізісін.

14. «Астана қаласының Қорғаныс істері жөніндегі департаменті» мемлекеттік мекемесі :

осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін және мемлекеттік тіркеуден кейін Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастырсын ;

осы қаулының орындалуы туралы Астана қаласының әкімдігіне 2012 жылғы 16 шілдеге дейін және 2013 жылғы 15 қаңтарға дейін ақпарат берсін.

15. «2011 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында мерзімді әскери қызметке азаматтарды шақыруды жүргізу туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 25 наурыздағы № 33-206қ («Астана қаласының Әділет департаменті» мемлекеттік мекемесінде 2011 жылғы 29 сәуірде № 673 болып тіркелген; 2011 жылғы 12 мамырдағы № 52 «Астана ақшамы» газетінде және 2011 жылғы 12 мамырдағы № 55-56 газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын .

16. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары В.Л. Крылова жүктелсін .

17. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

*И. Тасмағамбетов*

*К Е Л І С І Л Д І :*

*«Астана қаласының Қорғаныс істері жөніндегі департаменті»*

*мемлекеттік мекемесінің бастығы*

*Б. Мұхамеджанов*

*2012 жылғы 26 наурыз*

Астана қаласы әкімдігінің  
2012 жылғы 26 наурыздағы  
№ 109-315 қаулысына  
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Астана қаласы Әкімдігінің 2012.11.08  
№ 109-1667 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

### **Қалалық шақыру комиссиясының құрамы**

Крылов Василий Леонидович - Астана қаласы әкімінің орынбасары,  
комиссия төрағасы;  
Таласов Мұхамеджан Қадыржанұлы - Қазақстан Республикасы Қорғаныс  
министрлігі «Астана қаласының қорғаныс  
істері жөніндегі департаменті»  
республикалық мемлекеттік мекемесінің  
бастығы, комиссия төрағасының  
орынбасары;  
Мұхитов Қайрат Болатұлы - «Қазақстан Республикасы Ішкі істер  
министрлігінің Астана қаласының Ішкі  
істер департаменті» мемлекеттік  
мекемесі бастығының орынбасары,  
комиссия мүшесі;  
Құрманова Сәуле Ажмұхамбетқызы - «Астана қаласының Денсаулық сақтау  
басқармасы» мемлекеттік мекемесі  
бастығының орынбасары, медициналық  
комиссия төрайымы;  
Петренко Галина Степановна - Астана қаласы әкімдігінің шаруашылық  
жүргізу құқығындағы «№ 3 қалалық  
емхана» мемлекеттік коммуналдық  
кәсіпорнының медбикесі, комиссия  
хатшысы.

Астана қаласы әкімдігінің  
2012 жылғы 26 наурыздағы  
№ 109-315 қаулысына  
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Астана қаласы Әкімдігінің 2012.11.08  
№ 109-1667 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

### **Қалалық шақыру (резервтік) комиссиясының құрамы**

Әбіжанов – «Астана қаласының Жұмылдыру дайындығы,  
Тимур Жұмажанұлы азаматтық қорғаныс, апаттардың және  
дүлей апаттардың алдын алуын және жоюын  
ұйымдастыру жөніндегі басқармасы»  
мемлекеттік мекемесінің бастығы,  
комиссия төрағасының орынбасары;

Артықов – Қазақстан Республикасы Қорғаныс  
Ғани Асылбекұлы министрлігі «Астана қаласының қорғаныс  
істері жөніндегі департаменті»  
республикалық мемлекеттік мекемесі  
әскери қызметшілерді келісім-шарт және  
шақыру бойынша іріктеу басқармасының  
бастығы, комиссия төрағасының  
орынбасары;

Қалиев – «Қазақстан Республикасы Ішкі істер  
Асқар Теміртасұлы министрлігінің Астана қаласының Ішкі  
істер департаменті» мемлекеттік  
мекемесі басқарма штабының бас маманы,  
комиссия мүшесі;

Қабдырова – Астана қаласы әкімдігінің  
Қорлан Болатқызы шаруашылық жүргізу құқығындағы «№ 3  
қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық  
кәсіпорнының бас дәрігері, медициналық  
комиссия төрайымы;

Нұрпейісова – Астана қаласы әкімдігінің  
Гаухар Ұланқызы шаруашылық жүргізу құқығындағы «№ 3  
қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық  
кәсіпорнының медбикесі, комиссия  
хатшысы.

Астана қаласы әкімдігінің  
2012 жылғы 26 наурыздағы  
№ 109-315 қаулысына  
3-қосымша

**Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - Астана қаласы Әкімдігінің 2012.11.08  
N 109-1667 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.**

**Астана қаласы Алматы ауданы шақыру комиссиясының құрамы**

- Рыспеков – Астана қаласы Алматы ауданы әкімінің  
Түсіп Жетенұлы орынбасары, комиссия төрағасы;  
Қасымов – Қазақстан Республикасы Қорғаныс  
Руслан Саттарұлы министрлігінің «Астана қаласы Алматы  
ауданының қорғаныс істері жөніндегі  
біріктірілген басқармасы» республикалық  
мемлекеттік мекемесінің бастығы,  
комиссия төрағасының орынбасары;  
Әбенев – «Астана қаласының Ішкі істер  
Марат Әлімұлы департаменті «Алматы» ауданының Ішкі  
істер басқармасы» мемлекеттік мекемесі  
бастығының орынбасары, комиссия мүшесі;  
Бүтінбаева – Астана қаласы әкімдігінің шаруашылық  
Гүлнәр Садыққызы жүргізу құқығындағы «№ 3 қалалық  
емхана» мемлекеттік коммуналдық  
кәсіпорнының терапевт-дәрігері,  
медициналық комиссияның төрайымы;  
Петренкова – Астана қаласы әкімдігінің шаруашылық  
Галина Степановна жүргізу құқығындағы «№ 3 қалалық  
емхана» мемлекеттік коммуналдық  
кәсіпорнының медбикесі, комиссия  
хатшысы.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Астана қаласы Алматы ауданының Қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесінің жұмыс кестесіне сәйкес аудандық шақыру комиссиясының жұмыс тәртібі 14.00-ден 18.00-ге дейін (жергілікті уақыт бойынша) белгіленсін.

А с т а н а қ а л а с ы ә к і м д і г і н і ң  
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 6 н а у р ы з д а ғ ы  
№ 1 0 9 - 3 1 5 қ а у л ы с ы н а  
4-қосымша

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - Астана қаласы Әкімдігінің 2012.11.08  
N 109-1667 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

**Астана қаласы Алматы ауданы шақыру  
(резервтік) комиссиясының құрамы**

- Көркембаева – Алматы ауданы әкімі аппараты ішкі  
Айгүл Алпысқызы саясат бөлімінің бастығы, комиссия  
төрайымы;
- Бермұхамедов – Қазақстан Республикасы Қорғаныс  
Ержан Болатұлы министрлігінің «Астана қаласы Алматы  
ауданының қорғаныс істері жөніндегі  
біріктірілген басқармасы» республикалық  
мемлекеттік мекемесі әскери  
қызметшілерді келісім-шарт және шақыру  
бойынша іріктеу бөлімінің бастығы,  
комиссия төрағайымының орынбасары;
- Қонақбаев – «Астана қаласының Ішкі істер  
Марат Шәкібайұлы департаменті «Алматы» ауданының Ішкі  
істер басқармасы» мемлекеттік мекемесі  
кадр бөлімінің бастығы, комиссия  
мүшесі;
- Семенова – Астана қаласы әкімдігінің шаруашылық  
Валентина Григорьевна жүргізу құқығындағы «№ 3 қалалық  
емхана» мемлекеттік коммуналдық  
кәсіпорнының терапевт-дәрігері,  
медициналық комиссия төрайымы;
- Нұрпейісова – Астана қаласы әкімдігінің шаруашылық  
Гаухар Ұланқызы жүргізу құқығындағы «№ 3 қалалық  
емхана» мемлекеттік коммуналдық  
кәсіпорнының медбикесі, комиссия  
хатшысы.

А с т а н а қ а л а с ы ә к і м д і г і н і ң  
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 6 н а у р ы з д а ғ ы  
№ 1 0 9 - 3 1 5 қ а у л ы с ы н а  
5-қосымша

**Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - Астана қаласы Әкімдігінің 2012.11.08  
N 109-1667 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.**

**Астана қаласы Есіл ауданы шақыру  
комиссиясының құрамы**

- Кулагин – Есіл ауданы әкімінің орынбасары,  
Павел Сергеевич комиссия төрағасы;

- Қасымов – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Астана қаласы Алматы ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесінің бастығы, комиссия төрағасының орынбасары;
- Руслан Саттарұлы
- Ақтаев – «Астана қаласының Ішкі істер департаменті «Есіл» ауданының Ішкі істер басқармасы» мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары, комиссия мүшесі;
- Қанат Арзанбекұлы
- Бүтінбаева – Астана қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «№ 3 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының терапевт-дәрігері, медициналық комиссияның төрайымы;
- Гүлнәр Садыққызы
- Петренко – Астана қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «№ 3 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының медбикесі, комиссия хатшысы.
- Галина Степановна

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Астана қаласы Есіл ауданының Қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесінің жұмыс кестесіне сәйкес аудандық шақыру комиссиясының жұмыс тәртібі 14.00-ден 18.00-ге дейін (жергілікті уақыт бойынша) белгіленсін.

А с т а н а қ а л а с ы ә к і м д і г і н і н ң  
 2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 6 н а у р ы з д а ғ ы  
 № 1 0 9 - 3 1 5 қ а у л ы с ы н а  
 6-қосымша

**Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - Астана қаласы Әкімдігінің 2012.11.08 N 109-1667 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.**

### **Астана қаласы Есіл ауданы шақыру (резервтік)**

#### **комиссиясының құрамы**

- Симамбаев – Астана қаласы Есіл ауданы әкімінің кеңесшісі, комиссия төрағасы;
- Ерлан Тасбайұлы
- Бермұхамедов – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Астана қаласы Алматы
- Ержан Болатұлы



ауданының Қорғаныс істері жөніндегі  
біріктірілген басқармасы» республикалық  
мемлекеттік мекемесі әскери  
қызметшілерді келісім-шарт және шақыру  
бойынша іріктеу бөлімінің бастығы,  
комиссия төрағасының орынбасары;

Иманбаев – «Астана қаласының Ішкі істер  
Руслан Танибергенұлы департаменті «Есіл» ауданының Ішкі  
істер басқармасы» мемлекеттік мекемесі  
қоғамдық қауіпсіздік бөлімінің бастығы,  
комиссия мүшесі;

Семенова – Астана қаласы әкімдігінің шаруашылық  
Валентина Григорьевна жүргізу құқығындағы «№ 3 қалалық  
емхана» мемлекеттік коммуналдық  
кәсіпорнының терапевт-дәрігері,  
медициналық комиссия төрайымы;

Нүрпейісова – Астана қаласы әкімдігінің шаруашылық  
Гаухар Ұланқызы жүргізу құқығындағы «№ 3 қалалық  
емхана» мемлекеттік коммуналдық  
кәсіпорнының медбикесі, комиссия  
хатшысы.

А с т а н а қ а л а с ы ә к і м д і г і н і ң  
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 6 н а у р ы з д а ғ ы  
№ 1 0 9 - 3 1 5 қ а у л ы с ы н а  
7-қосымша

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - Астана қаласы Әкімдігінің 2012.11.08  
N 109-1667 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

### **Астана қаласы Сарыарқа ауданы шақыру комиссиясының құрамы**

Ахметов – Астана қаласы Сарыарқа ауданы әкімінің  
Төлеген Оңашабайұлы орынбасары, комиссия төрағасы;  
Ысқақов – Қазақстан Республикасы Қорғаныс  
Қайрат Омарұлы министрлігінің «Астана қаласы Сарыарқа  
ауданының қорғаныс істері жөніндегі  
басқармасы» республикалық мемлекеттік  
мекемесінің бастығы, комиссия  
төрағасының орынбасары;

- Төлежанов – «Астана қаласының Ішкі істер  
Зейнолла Әбиболлаұлы департаменті «Сарыарқа» ауданының Ішкі  
істер басқармасы» мемлекеттік мекемесі  
бастығының орынбасары, комиссия мүшесі;
- Семенова – Астана қаласы әкімдігінің шаруашылық  
Валентина Григорьевна жүргізу құқығындағы «№ 3 қалалық  
емхана» мемлекеттік коммуналдық  
кәсіпорнының терапевт-дәрігері,  
медициналық комиссия төрайымы;
- Нұрпейісова – Астана қаласы әкімдігінің шаруашылық  
Гаухар Ұланқызы жүргізу құқығындағы «№ 3 қалалық  
емхана» мемлекеттік коммуналдық  
кәсіпорнының медбикесі, комиссия  
хатшысы.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Астана қаласы Сарыарқа ауданының Қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесінің жұмыс кестесіне сәйкес аудандық шақыру комиссиясының жұмыс тәртібі 09.00-ден 13.00-ге дейін (жергілікті уақыт бойынша) белгіленсін.

А с т а н а қ а л а с ы ә к і м д і г і н і н ң  
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 6 н а у р ы з д а ғ ы  
№ 1 0 9 - 3 1 5 қ а у л ы с ы н а  
8-қосымша

**Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда - Астана қаласы Әкімдігінің 2012.11.08 N 109-1667 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.**

**Астана қаласы Сарыарқа ауданы шақыру (резервтік)  
комиссиясының құрамы**

- Қоқанбеков – Астана қаласы Сарыарқа ауданы  
Ғалихан Ықсанұлы әкімі аппараты ішкі саясат бөлімінің  
бас маманы, комиссия төрағасы;
- Сыдықов – «Қазақстан Республикасы Қорғаныс  
Елшат Тұрсынұлы министрлігінің «Астана қаласы Сарыарқа  
ауданының қорғаныс істері жөніндегі  
басқармасы» республикалық мемлекеттік  
мекемесінің әскери қызметшілерді  
келісім-шарт және шақыру бойынша  
іріктеу бөлімінің бастығы, комиссия  
төрағасының орынбасары;

Мұстафин  
Ерлан Серікұлы

– «Астана қаласының Ішкі істер  
департаменті «Сарыарқа» ауданының Ішкі  
істер басқармасы» мемлекеттік мекемесі  
жауынгерлік және арнайы дайындық  
инспекторы, комиссия мүшесі;

Көпежанова  
Бақыт Әшірбекқызы

– Астана қаласы әкімдігінің шаруашылық  
жүргізу құқығындағы «№ 3 қалалық  
емхана» мемлекеттік коммуналдық  
кәсіпорнының терапевт-дәрігері,  
медициналық комиссия төрайымы;

Әбділмажитова  
Гүлнәр Мұсабайқызы

– Астана қаласы әкімдігінің шаруашылық  
жүргізу құқығындағы «№ 3 қалалық  
емхана» мемлекеттік коммуналдық  
кәсіпорнының медбикесі, комиссия

хатшысы.

А с т а н а қ а л а с ы ә к і м д і г і н і ң  
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 6 н а у р ы з д а ғ ы  
№ 1 0 9 - 3 1 5 қ а у л ы с ы н а  
9-қосымша

### Қалалық шақыру комиссиясының жұмыс кестесі

Р/с №	Қорғаныс істері жөніндегі басқармалар	Комиссияның жұмыс күндері, уақыты – 14.00-ден 18.00 сағатқа дейін					
		сәуір	мамыр	маусым	қазан	қараша	желтоқсан
1.	А л м а т ы ауданы	2, 4, 6, 10, 12, 16, 18, 20, 25, 27	3, 10, 14, 16, 18, 22, 24, 28, 30	4, 11, 18, 25	1, 3, 5, 9, 11, 15, 17, 19, 23, 25, 29, 31	2, 6, 8, 12, 14 , 16, 20, 22, 26, 28, 30	5, 12, 19, 26
2.	Есіл ауданы	2, 4, 6, 10, 12, 16, 18, 20, 25, 27	3, 10, 14, 16, 18, 22, 24, 28, 30	4, 11, 18, 25	1, 3, 5, 9, 11, 15, 17, 19, 23, 25, 29, 31	2, 6, 8, 12, 14 , 16, 20, 22, 26, 28, 30	5, 12, 19, 26
3.	Сарыарқа ауданы	3, 5, 9, 11, 13, 17, 19, 23, 24, 26, 30	4, 11, 15, 17, 21, 23, 25, 29, 31	6, 13, 20, 27	2, 4, 8, 10, 12, 16, 18, 22, 24, 26, 30	1, 5, 7, 9, 13, 15, 19, 21, 23 , 27, 29	7, 14, 21, 28